

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 қарашадағы N 2588 Заң күші бар жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес және "Шаруашылық серіктестері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының U952255_шығуына байланысты қаулы етемін:

I. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. "Шаруа шаруашылығы туралы" 1990 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 жыл., N 22, 257-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 309-құжат):

3-бабының бірінші бөлігінде "акционерлік" сөзі алынып тасталсын;

18-бабының бірінші бөлігіндегі "акционерлік" сөзі "шаруашылық серіктестіктері" сөздерімен ауыстырылсын.

2. "Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" 1990 жылғы 30 қарашадағы Қазақ ССР-нің Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 49, 455-құжат):

10-бабының 1-тармағының екінші абзацындағы "акционерлік қоғамдарды, бірлескен кәсіпорындарды және өзге де" сөздер "шаруашылық" сөзімен ауыстырылсын.

3. "Қазақ ССР-індегі шаруашылық қызметінің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы" 1990 жылғы 11-желтоқсандағы Қазақ ССР-інің Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 51: 483-құжат):

6-бабының үшінші абзацындағы "және де өзге қоғамдар мен" деген сөздер алынып тасталсын.

4. "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" 1990 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақ ССР-інің Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 1, 8-құжат):

15-бабының бірінші бөлігі "в" тармақшасындағы "арендалық және акционерлік кәсіпорындар" сөздері "шаруашылық серіктестіктері" сөздерімен ауыстырылсын.

5. "Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін

жекешелендіру ерекшеліктері туралы" 1992 жылғы 14 қаңтардағы

Қазақстан Республикасы Заңында (Қазақстан Республикасының Жоғарғы

Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 80-құжат):

6-шы бабының бірінші бөлігі үшінші абзацындағы "немесе серіктестерінің" сөздері алынып тасталсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ